

ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҚЫЛҚАЛАМ ҰШЫНДА – ҚАЛА ЫРҒАҒЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Ұлт болашағын айқындайтын ең маңызды шаруалар енді басталды. Сондықтан қиындықтан жалтарып немесе табысқа тоқмейілсіп отыруға қақымыз жоқ, уақытымыз да жоқ. Бірлігімізді бекемдеп, білек сыбанып, іске кірісуіміз керек. Келесі Парламентіміз халқымыздың ұлттық санасында өзіндік орны бар ұғым, атына заты сай Құрылтай сөзімен аталса, мұны жақсы ырымға балауға болады деп сенемін.

№9
(4907)
Сенбі
24 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Астанада «Заң және тәртіп» қағидаты аясында жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және қала көшелері мен тас жолдарындағы апат деңгейін төмендетуге бағытталған «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы басталды.

Іс-шара барысында полиция тарапынан жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін сақтауына қатысты бақылау күшейтіледі. Мас күйінде көлік басқару, қарсы қозғалыс жолағына шығу, бағдаршамның тыйым салынған сигналына өту секілді өрескел құқық бұзушылықтар анықталады. Сондай-ақ апат жиі болатын қауіпті учаскелерде рейдтік тексерулер жүргізіліп, бейнебақылау камералары мен мобильді құқық бұзушылықтарды тіркеу кешендерін қоса алғанда, техникалық бақылау құралдары қолданылады.

Қосымша патрульдік және жол-патрульдік полиция жасақтары жолдарда күшейтілген қызмет атқарады. Елорда полициясы жол қозғалысының барлық қатысушыларын мұқият болуға, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға және жолдағы қауіпсіздік әр адамның жауапкершілігіне байланысты екенін ұмытпауға шақырады.



ЕЛОРДА МАҢЫНДА ЭКОПАРКТЕР ҚҰРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының ірі қалалардың іргелес аудандарында экопарктер құру туралы тапсырмасына сәйкес, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың, сондай-ақ Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың қатысуымен елорда маңайындағы аймақтарда экологиялық демалыс орындарын ұйымдастыру мәселесі талқыланды.

Астананың Бас жоспарында әзірленген ұсыныстар бойынша елорда аумағында үш типтегі экопарктер құру қарастырылған. Атап айтқанда, қала аумағындағы күнделікті рекреациялық парктер, қаланың маңайында орналасатын демалыс күндеріне арналған парктер және Ақмола облысының аумағында, елордаға жақын орналасқан экоаймақтар құру жоспарланып отыр.

Бұл экоаймақтар серуендеу, пикник, спорттық және балалар алаңдары, экотроптар, іс-шаралар өткізу алаңдарын ұсынатын әртүрлі форматтарды қамтитын болады.



ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛ – ЕКПЕ

Астанада қызылша ауруын жұқтыру жағдайы үдеп барады. Олардың басым бөлігі балалар арасында анықталуда.

Қызылшаның алдын алудың жалғыз тиімді жолы – вакцинация. Бұл жөнінде Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен брифингте елорданың бас мемлекеттік санитар дәрігері Айгүл Шағалтаева мәлім етті.

Қазіргі уақытта Астана қаласының емханаларында жоспарлы екпені өткізіп алған балалар мен жасөспірімдерге «қуып жету» вакцинациясы жүргізілуде. Сонымен қатар егілмеген немесе вакцина мәртебесі белгісіз адамдарға науқаспен байланыстан кейін 72 сағат ішінде шұғыл иммундау жасалады. Бұл аурудың дамуын болдырмауға және вирустың таралу тізбегін үзуге мүмкіндік береді.

«Құрметті ата-аналар мен Астана тұрғындары!

Бүгінде қызылшаның таралуын тоқтатуға нақты мүмкіндік бар – ол үшін жауапты әрі саналы шешім қабылдап, вакцинациядан өту қажет. Балаларыңыздың екпе мәртебесін тексеріп, вакцина салдырмаған немесе өткізіп алған жағдайда дер кезінде екпе алуды қамтамасыз етіңіздер. Науқаспен байланыстан кейін шұғыл иммундаудан бас тартпаңыздар, себебі бұл – тиімді қорғаныс шарасы. Ауру белгілері байқалған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіздер» деп үндеу жасады елорданың бас санитар дәрігері.

№9 (4907) 24/01/2026 Сенбі



БЕЙБІТШІЛІК КЕҢЕСІНІҢ ЖАРҒЫСЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыруымен Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қою рәсіміне қатысу үшін Давос қаласына жұмыс сапарымен барды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конгресс орталығында өткен рәсімде АҚШ Президенті Дональд Трамптың бастамасымен құрылған Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қойды. Қол қою рәсіміне Қазақстан Президентінен басқа 18 елдің басшылары мен өкілдері қатысты.

Бірқатар БАҚ өкілдері Давоста өткен Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қою рәсімінде Мемлекет басшысы мен Америка Президенті арасындағы қысқаша әңгіменің мазмұнына қатысты сауал жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Давос форумында таратылған «Президент Дональд Трамптың 365 күн ішіндегі 365 жеңісі» деп аталатын ресми құжаттың 177-тармағында Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылғаны жетістік ретінде көрсетілгеніне назар аударды. Бұдан бөлек, Президент Америка көшбасшысына ақыл-парасатқа негізделген ішкі саясатты жүзеге асыруда табыс тіледі.

Дональд Трамп Бейбітшілік кеңесін құру туралы бастамасына қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Давоста Армения Президенті Вааган Хачатурянмен, Премьер-министр Никол Пашинянмен, Индонезия Президенті Прабово Субиантомен, Жаһандық өзгерістер институтының атқарушы төрағасы Тони Блэрмен, АҚШ Сауда министрі Говард Латникпен және ФИФА президенті Джанни Инфантиномен аз-кем әңгімелесті.

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Президенттің халыққа Жолдауында және Ұлттық құрылтайда алға қойған міндеттері аясында Электрондық қаржы орталығының (ЭҚО) цифрлық инфрақұрылымымен және халық пен бизнеске салық реформасы туралы жүргізіліп жатқан түсіндіру жұмыстарымен танысты.

Онда Бірыңғай байланыс орталығының жұмысы көрсетілді. Салық төлеушілерге кеңес беру үш деңгейлі жүйе арқылы жүзеге асырылады: бастапқы түсіндіру, қолдау көрсету және ақпараттық жүйелерге өзгерістер енгізу. Биылғы қаңтар айының басынан бері 1414 ақысыз сенім телефонына, мессенджерлер және жылдам хабар алмасу қолданбаларына және ЖИ-мен жұмыс істейтін чат-боттарға телефон қоңыраулары арқылы 135,5 мыңға жуық өтініш келіп түсті.

Күн сайын операторлар орта есеппен 13-14 мың өтініш қабылдайды. Олардың 7 мыңға жуығы – салық реформасы, әлеуметтік төлемдер және тағы да басқа мәселелерге қатысты сұрақтар. Қажет болған жағдайда азаматтар мен бизнестің қоңыраулары мен хабарламалары жүйелік шешімдерді талдау және қабылдау үшін тиісті бөлімшелерге жіберіледі.

«Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде атап өткендей, біздің міндетіміз – Салық кодексінің жаңа нормаларын енгізе отырып, «фискалдық транзитті» біркелкі, әрі жанжалсыз өткізу. Халықпен және бизнеспен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін құру. Біз әділ де тиімді салық жүйесін орнатамыз, осы ретте біртіндеп салық төлеу мәдениетін қалыптастыруға бет бұрып келеміз. Салық төлеу арқылы туған өлкенің дамуына үлес қосуға болады деген саналы тәсілді ынталандыру маңызды. Президент те патриотизмнің осы түрі туралы айтып отыр. Бүгін біз бизнестің әділ Қазақстан қағидаттарына біртіндеп бейімделіп келе жатқанын көріп отырмыз. 2025 жылы бизнес субъектілері өз бетінше 750 млрд теңгеден астам салық төледі» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр салық реформасы барлық өзге де жаңашылдықтар сияқты қиындықтар мен жаңа сын-қатерлерге толы атап өтті. Соған қарамастан, Қазақстанда іскерлік белсенділік артуда. Қаржы министрлігінің деректері бойынша 2025 жылы елде 480 мың жаңа заңды тұлға тіркелген. Осы жылдың алғашқы 20 күнінде – тағы 22 мың субъект, бұл бизнестің жаппай жабылуы туралы болжамдардың теріс екенін көрсетеді. Алайда бизнестің қызметіне нақты кедергі келтіретін нормаларды анықтаған кезде оларды қорытып, түзету бойынша ұсыныстар енгізу керек.

Салықтық әкімшілендіруді оңайлату және бюрократиялық рәсімдерді төмендету бойынша елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды халыққа қолжетімді және сапалы түсіндіруге баса назар аударылды. ЭҚЖ азаматтардың, бизнестің және мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының негізгі сервистік құралы болып саналады. Қаржы министрлігінің цифрлық инфрақұрылымының негізгі объектісі салық төлеушілерге консультациялық қызметтерді, ақпараттық жүйелерді техникалық сүйемелдеуді және әкімшілендіруді қамтамасыз етеді. Бөлімшелер барлық қызметті бір алаңға шоғырландырған жаңа ғимаратқа орналастырылды, бұл өз кезегінде ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттырды. Кеңес беруден бөлек, ЭҚО мамандары фискалдық және бюджеттік саясатқа жауапты 21 ақпараттық жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Орталық бюджеттік процесс интеграторын сүйемелдеу, мемлекеттік сатып алулар порталына операторлық және сервистік қолдау көрсету және тағы басқа бағыттар бойынша мемлекеттік оператор қызметін атқарады.

Премьер-министр нысанды аралау қорытындысы бойынша Қаржы министрлігіне Электрондық қаржы орталығын одан әрі технологиялық жаңғырту және азаматтардың өтініштерін барлық байланыс арналары арқылы өңдеу қуаттылықтарын арттыру үшін қажетті барлық жағдайды қамтамасыз етуді тапсырды.

СПОРТШЫЛАРҒА ТУДЫ ТАБЫС ЕТТІ

Президент Қысқы Олимпиада ойындары мен Паралимпиадаға қатысатын ұлттық құрама мүшелеріне Мемлекеттік туды тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев дүние жүзінің ең мықты спортшылары бақ сынайтын Италиядағы XXV Қысқы Олимпиада ойындары мен XIV Қысқы Паралимпиаданы айрықша маңызды оқиға деп атады.

«Олимпиада ойындарына 40-қа жуық спортшымыз қатысады. Олар спорттың 10 түрінен жарысқа түседі. Ұлттық құрама мүшелерінің жартысынан көбі Олимпиадаға алғаш рет бара жатыр. Жаһандық бәсеке сіздер үшін зор мүмкіндік әрі үлкен сынақ болмақ. Қысқы Олимпиадаға жолдама алу үшін спортшыларымыз көптеген белестен өтті. Түрлі халықаралық жарыста табысты өнер көрсетіп, 17 алтын, 31 күміс және 21 қола медальға ие болды. Сонымен бірге біз Паралимпиада ойындарында ел абыройын қорғайтын спортшыларымызға зор сенім артамыз. Паралимпиадашылардың ерекше құлшынысы және мықты ерік-жігері көпке үлгі. Наурыз айының басында Италияда өтетін Паралимпиада ойындарына әзірге 10 лицензия алдық. Лицензия саны әлі де көбеюі мүмкін» деді Президент.



Мемлекет басшысы төрт жылда бір өтетін байрақты бәсекеге қазақстандық спортшылар тыңғылықты дайындалғанына тоқталып, Қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарында шын мықтылар күш сынасатынын айтты. «Әрине, спортта жеңісті болжау мүмкін емес. Бірақ Сіздер қатаң іріктеулерден сүрінбей өтіп, Қазақстанның олимпиадалық құрамасына мүше болдыңыздар. Осының өзі, Сіздердің әлеуеттеріңізді, жеңіске деген ұмтылыстарыңызды танытады. Тәуелсіздік алған уақыттан бері спортшыларымыз Қысқы Олимпиада ойындарында шеберлік танытып, бірнеше мәрте жеңіс тұғырынан көріне білді. Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Елена Хрусталева, Денис Тен, Юлия Галышева сияқты Олимпиада жүлдегерлерінің есімдері отандық спорт тарихына алтын әріптермен жазылды. Әлемдік спорттағы ірі ареналарда топ жарған отандық атлеттердің құрметіне талай рет Әнұран шырқалып, еліміздің Туы көкте желбіреді. Алдағы уақытта да жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенімдімін. Жақында Ұлттық құрылтай отырысында атап өткенімдей, спорттағы жетістіктер тұтас еліміздің мәртебесін көтеріп, жалпыұлттық бірлікті және Қазақстан Республикасының қазіргі әлемдегі беделін нығайтады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент намысты қолдан бермеген спортшыларымыз талай бәсекеде топ жарып, еліміздің мерейін асырып, нағыз жасампаз отаншылдықтың үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтті. «Әр азаматымыздың жетістігі – Қазақстанның жетістігі. Әр спортшының абыройы – барша қазақтың беделі. Жеңіске жету үшін талап пен табандылық керек. Сіздер шеберліктеріңізді шыңдап, аянбай еңбек еттіңіздер. Соның арқасында дүбірлі додаға қатысуға мүмкіндік алдыңыздар. Олимпиада чемпионы болу – әр спортшының арманы. Осы мақсатқа бір табан жақын тұрсыздар. «Ел сенімі – ерге жүк» дейді халқымыз. Баптарыңыз және бақтарыңыз қатар шауып, жүлдемен келесіздер деп сенемін. Барша халқымыз Сіздерге жанкүйер, тілекші болады. Бәріңізге сәттілік, жеңіс тілеймін! Көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін!» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын Ұлттық құраманың мүшелері Денис Никишамен Аяулым Әмреноваға және Қазақстан паралимпиадалық командасының мүшесі Ербол Хамитовқа табыстады.

РЕФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Астанадағы Достық үйінде республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілерімен кездесті.

Басқосуға Зайнуддин Махусеев, Акбаржон Исмаилов, Тауфик Каримов, Наринэ Микаелян, Ахмет Мурадов, Юрий Тимощенко, Абдулла Исматуллаев, Шавкат Исмаилов, Дмитрий Останькович, Абилфас Хамедов, Виталий Тварионас, Исидор Борчашвили, сондай-ақ Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Закиржан Кузиев, Евгений Больгерт, Сергей Пономарев, Наталья Дементьева және Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов қатысты.



Кездесуде Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында айтылған бастамалар мен этномәдени бірлестіктердің елдегі саяси жаңғырудың негізгі бағыттарын іске асыруға қатысу мәселелері талқыланды. Мемлекеттік кеңесші жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның еліміздің орнықты дамуында маңызы зор екенін атап өтті. Ерлан Қариннің айтуынша, мемлекеттік саясаттың «Бірлігіміз – әралуандықта» мызғымас қағидаты қоғамдық бірліктің негізі болып саналады.

Этномәдени бірлестіктердің өкілдері Мемлекет басшысының мәдени-гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттағы бастамалары мен шешімдері, сондай-ақ Құрылтайдың бесінші отырысында айтылған ұсыныстар ел дамуының жаңа кезеңіне қатысты тұтас көзқарасты қалыптастыратынын жеткізді. Этномәдени бірлестіктердің жетекшілері Президент бастамаларын қолдайтындарын білдіріп, алдағы реформаларды іске асыруға белсенді түрде қатысуға дайын екендерін айтты.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары:

МӘҢГІЛІК МІНДЕТТЕР МИССИЯСЫ



– Қызылордадағы алқалы басқосу Ұлттық құрылтайдың миссиясын қорытындылап, оның мәңгілік міндетін айқындады.

Бұл жолғы Құрылтай өткен кезеңнің нәтижесін таразылап қана қойған жоқ, мемлекеттің ұзақ мерзімді даму философиясын нақтылады. Құрылтай тарихи жадыны жаңғыртатын символдық алаңнан қоғам мен билік арасындағы жауапкершілік келісімін қалыптастыратын тұрақты институт деңгейіне көтерілді десек артық айтқандық болмас. Мұнда басты сұрақ «не істедік?» дегеннен гөрі, «алдағы онжылдықтарда қандай мемлекет болуымыз керек?» деген стратегиялық пайымға ойысты.

Қызылордада Ұлттық құрылтайдың уақытша саяси науқан емес, ұлттың тарихи санасын, құқықтық мәдениетін және институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін мәңгілік міндеті айқындалды. Бұл – қоғамның үнін билік шешіміне айналдыру, реформалардың сабақтастығын сақтау және мемлекетті әділет, заң мен жауапкершілік қағидаттары.

Ашығын айтқанда, мемлекеттің шынайы қуаты жер көлемімен де, әскер санымен де, экономикалық көрсеткіштермен ғана өлшенбейді. Ол – қоғамның өз өткеніне үңіле алу қабілетімен, бүгінгі күрделі шешімдерді қабылдай білуімен және ертеңге байыппен қарай алуымен өлшенеді. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстандағы Ұлттық құрылтай – естелік үшін емес, ертеңгі күн алдындағы жауапкершілікке қызмет ететін институт екенін көрсетті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл миссияны о бастан дәл айқындаған-ды:

«Ұлттық құрылтай – бұл ел дамуына қажетті нақты шешімдер қабылданатын мазмұнды диалог алаңы».

Бұл – жай ғана анықтама емес. Бұл – ұстаным. Құрылтай – ұран айтатын мінбер де, өткенді безендіріп көрсететін сахна да емес. Бұл – тарихты даму ресурсына айналдырып, қоғамдық диалогты басқару құралына айналдыратын кеңістік.

Қызылорда: тарих өткен шақ болудан қалған мекен.

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысының Қызылордада өтуі – құрмет көрсету үшін жасалған ишара емес, терең мағынасы бар стратегиялық таңдау. Президенттің: «Сыр – Алаштың анасы» деуі – өткенге жасалған тағзым ғана емес. Бұл – мемлекеттілік бір сәтте пайда болмайтынын, оның үздіксіз процесс екенін еске салу.

Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент – жай археологиялық атаулар емес. Бұлар – қазақ жерінің ежелден қала салғанын, басқару мәдениетін қалыптастырғанын, өркениеттік тәжірибесі болғанын дәлелдейтін белгілер. Ал бір ғасыр бұрынғы астана болған Қызылорда – көне өркениет пен қазіргі мемлекетті жалғап тұрған көпір.

Президенттің мына сөзі – осы ойдың түйіні:

«Бүгінгі ұрпақ тарихи мұраны ел болашағы алдындағы жауапкершілікпен ұштастыруы тиіс».

Құрылтай – реформаның айнасы емес, қозғалтқышы.

Тарих бағыт берсе, реформалар жылдамдықты анықтайды. Ұлттық Құрылтай бұл тұрғыда өз мүмкіндігін дәлелдеді.

«Құрылтай мүшелерінің ұсыныстары негізінде 26 заң қабылданды» деді Президент.

Бұл – жай статистика емес. Бұл – мемлекеттің жаңа ойлау жүйесі. Енді шешімдер жоғарыдан түспейді, қоғаммен бірге пісіп-жетіледі. Әйелдер мен балаларды қорғау, зиянды әдеттермен күрес, еңбекке құрмет, ономастика, «Адал азамат» құндылықтары – мұның бәрі жаңа сападағы ұлтты қалыптастырудың элементтері.

2009 жылы Қазақстанға сапары кезінде өзім сұқбат алған Израильді жеті жыл тиімді басқарып, әлемдік деңгейдегі мықты саясаткерлер санатында болған Шимон Перестің: «Болашақ – қорқынышқа емес, үмітке инвестиция салғандарға тиесілі» деген сөзі бар. Қазақстан жағдайында Құрылтай дәл сондай инвестицияға айналды – сенімге, қатысуға, ортақ жауапкершілікке.

Өңірлердің дамуы: болашақ астанадан емес, ауылдан басталады.

Президенттің Қызылорда облысына ерекше назар аударуы бір ақиқатты аңғартады: мемлекет болашағы адамдар өмір сүріп жатқан жерден басталады. Экономика, инвестиция, инфрақұрылым, энергетика, әлеуметтік нысандар – есеп үшін емес, адам қадірі үшін қажет.

Президенттің адамдарға назар аударуы да мәнді:

«Тазалық пен тәртіп – тек орталықта емес, ауылдарда да көрініс табуда».

Бұл – болашақ қазақстандықтың бейнесі: өз ауласынан бастап мемлекетке жауапкершілікпен қарайтын азамат.

Арал, су және жауапкершіліктің жаңа философиясы деуге болады.

Сондықтан да Президент сөзінде Арал мәселесі ғаламдық моральдық сынақ ретінде көтерілді.

«Су – Қазақстан үшін стратегиялық ресурс» деді Президент. Яғни Солтүстік Аралды сақтау, Көкарал бөгеті, су дипломатиясы, халықаралық су ұйымын құру бастамасы – мұның бәрі жаңа ойлау жүйесін көрсетеді. Экология – енді тек табиғат мәселесі емес, болашақ геосаясаттың өзегі. Ғылымсыз, ынтымақтастықсыз, ұзақ мерзімді жоспарсыз тұрақты даму болмайтыны ашық айтылды.

Экономикалық өсім, резервтердің артуы, шағын және орта бизнестің дамуы, демография – маңызды көрсеткіштер. Бірақ Президент одан да терең барды: «Қоғам өзгерді. Сананың үлкен бетбұрысы басталуы керек».

Бұл тұрғыда мәдениет пен өнер қосалқы сала емес, сана сәулетшісі. Театрлар, музейлер, кітапханалар, цифрлық архивтер, кино мен креативті индустриялар – жаһандық ойлайтын, бірақ тамырынан ажырамаған ұрпақты қалыптастырады.

Патриотизм – күнделікті таңдау.

Президенттің басты формулаларының бірі: «Патриотизм – бұл ұран емес, нақты іс». Бұл – түбегейлі жаңа түсінік. Патриот – айқайлайтын адам емес, заңды сақтайтын, еңбекті құрметтейтін, зорлық-зомбылықты қабылдамайтын, жеке жауапкершілікті сезінетін азамат. «Дәстүр» деген желеумен жасалатын қылмыстарға қатаң ұстаным – моральдық шекараны айқындады:

«Заң бәріне ортақ».

Парламенттік реформа: өкілдіктен жауапкершілікке бетбұрыс.

Президент болашақ туралы сөз қозғағанда бір ойға қайта-қайта оралады: институттар тұлғадан маңызды, ереже ұраннан биік. Осы тұрғыда парламенттік реформа ерекше мәнге ие. «Бұл реформалар жабық кабинетте емес, қоғаммен бірге пісіп-жетілді» деді Мемлекет басшысы.

Қоғамдық талқылау, сарапшылар пікірі, цифрлық платформалар, өңірлердегі кездесулер – мұның бәрі саналы институционалдық таңдау жасалғанын көрсетті. Әңгіме «өзгерту керек пе?» деген сұрақтан гөрі, «қандай Парламент керек?» деген жетілген деңгейге өтті. Құрылтай деп атау ұсынысы – символдық қадам емес, мазмұндық шешім.

«Мақсат – кәсіби, тиімді және жауапты өкілді орган қалыптастыру».

Тарихи құрылтай – тағдырлы шешімдер қабылданатын, жауапкершілік ортақ болатын кеңістік еді. Осы қағиданы қазіргі саяси жүйеге енгізу – формалды мандаттан саналы жауапкершілікке көшу.

Жаңа құрылтай – архаика емес. Бұл – демократиялық өкілдікті ұлттық мәдени кодпен үйлестіруге жасалған талпыныс деп ойлаймын.

Құрылтай – өкілді биліктің өзегі болса, Халық кеңесі – қоғамдық мағынаның үні. Президент сөзімен айтсақ, «Реформалар қоғамның сұранысын үнемі ескеріп отыруы тиіс». Халық кеңесі Парламенттің орнын баспайды, бірақ оны қоғаммен байланыстырады. Заң бастамасы құқығының берілуі – қоғамның пікірін нақты саяси шешімге айналдырудың жаңа деңгейі.

Болашақтың сәулеті: эмоция емес, тұрақты институт.

Құрылтай, Халық кеңесі, жаңартылған конституциялық тетіктер – барлығы тұрақтылық архитектурасын қалыптастырады.

«Реформалар – үздіксіз процесс».

Бұл – төңкерістен емес, эволюциядан үміт күту. Әлсіз институттар мен қызған эмоциялардан күйреген әлемде Қазақстан ұзақ қашықтыққа есептелген салқын ақылды таңдайды.

Болашақ Қазақстанның бейнесі қандай десек, Ұлттық құрылтайда жарияланған реформалар логикасында мынадай келбет айқындалады:

- мемлекет – тыңдайтын, бірақ бейберекет емес;
- билік – сайланатын әрі кәсіби;
- қоғам – белсенді әрі жауапты;
- патриотизм – агрессиясыз, жасампаз.

Ұлттық құрылтай мен Халық кеңесі – осы жүйеде өткен, бүгін және болашақ арасындағы ұрпақтар диалогының механизмі.

Бәлкім, Президент ишара еткен реформалардың ең терең мәні де осында болар: болашақтан қорқып емес, оған сеніп шешім қабылдайтын ел құру.

Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік басқару мен қоғамдық қатынастар зерттеу орталығының директоры, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы:



ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢНІҢ САЯСИ-БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТЫ

– Сыр өңірінде араға ғасыр салып өткен V Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелерді қоғамға бағыт-бағдар беретін, мемлекеттік саясаттың жаңа міндеттерін жүйелейтін маңызды саяси-бағдарламалық құжат ретінде қарастырамын.

Бұған дейінгі Ұлттық құрылтай отырыстарында еліміздің рухани-мәдени мұрасын әлемге таныту мәселесі бірнеше мәрте көтерілген болатын. Соның нәтижесінде нақты әрі жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып келеді деп есептеймін. Соңғы 14 жылда алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасының ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізілуі – соның айқын дәлелі. Сондай-ақ биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында өтетін Бүкіләлемдік мұралар комитетінің отырысында «Маңғыстаудың жерасты мешіттерін» ЮНЕСКО тізіміне қосу мәселесінің қаралатынын оң қадам деп бағалаймын. Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларды тіркеу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп отырған 25 елдің қатарына енуі де – осы жүйелі саясаттың нәтижесі.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысы бұл жетістіктермен тоқтап қалуға болмайтынын атап өтті. Мен де төл тарихымызды терең зерделеу, ұлттық өнер мен мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да үздіксіз жалғасуы тиіс деген ұстанымды қолдаймын.

Президент елімізде тарихи-танымдық маңызы зор нысандардың көп екенін айта келе, таза ағаштан салынған Жаркент мешіті мен Алматыдағы Вознесенск кафедралды шіркеуін көпэтносты қоғамдағы татулық пен бірліктің, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатының нақты көрінісі ретінде атап өтті. Бұл тұжырымды мен еліміздегі конфессияаралық келісімнің символы ретінде қабылдаймын.

Ұлы даланың әрбір таутасы халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетініне назар аударылды. Қаратау петроглифтері, Сауысқандық пен Арпаөзеннен табылған 17 мыңға жуық жартас суреттері – соның айқын айғағы. Төрт мың жылдық тарихы бар бұл таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тереңде жатқанын дәлелдейді және олардың ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілуге әбден лайық екеніне мен толықтай қосыламын.

Президент баяндамасында рухани ілім мәселесіне де ерекше мән берілді. Мен Абай ілімін ұлттық бірегейлігіміздің өзегі деп санаймын. Бүгінгі «Адал азамат» тұжырымдамасының ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен үндесуі – соның дәлелі. Осыған байланысты Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіміне енгізу – уақыт талабы деп есептеймін.

Сондай-ақ отырыста Президентіміз әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи ілімдерінің ұлт руханиятының іргетасы екені орынды атап өтті. Ойшылдардың мұрасын тек мерейтойлық шаралармен шектемей, тұрақты ғылыми конференциялар мен зерттеулер арқылы жүйелі түрде насихаттау қажеттігін айтты.

Ұлттық мұраны сақтау ісінде цифрландырудың маңызы айрықша. Осы тұрғыда Мемлекет басшысының «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру бастамасын мен стратегиялық маңызы бар шешім ретінде бағалаймын. Ғылыми еңбектерді, мұрағаттар мен музей қорларын, өнер туындыларын бір цифрлық платформаға біріктіру – ұлттық жадымызды сақтаудың заманауи жолы.

Тарихи сананы қалыптастыру бағытында биыл көктемде Жошы хан туралы көп сериялы деректі фильмнің аяқталуы және Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиумның өткізілуі – осы жүйелі саясаттың жалғасы. Сонымен қатар, «Өр Алтай – түркілердің ата қонысы» атты халықаралық конференция түркі өркениетін кешенді зерделеуге жаңа мүмкіндік береді.

Президенттің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тапсырылған Қазақстан тарихының жеті томдық академиялық басылымы жыл соңында жарық көрмек. Бұл еңбектің Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай ұсынылып, мемлекеттігімізді нығайтуға және ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға қызмет ететініне сенімдіміз.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы баяндамасының маңызды бөлігінің бірі – жасампаз отаншылдық тұжырымдамасы. Менің ойымша, отаншылдық ұранмен емес, нақты іспен өлшенуі тиіс. «Таза Қазақстан» акциясы, волонтерлік қозғалыстар мен әлеуметтік кәсіпкерлік – азаматтық жауапкершілікке негізделген шынайы патриотизмнің көрінісі.

Сонымен қатар, заң мен тәртіп қағидатын нығайту, цифрлық қауіпсіздік, дербес деректерді қорғау, радикалды және жат идеологияларға тосқауыл қою мәселелерінің кешенді түрде көтерілуі – маңызды және уақыт талабы. Дәстүрлі отбасы институтын қолдау мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау арасындағы тепе-теңдікке ерекше назар аударылды.

V Ұлттық құрылтайда қоғамды елең еткізген ұсыныстардың қатарында саяси жүйені жаңғыртуға қатысты бастамалар да болды. Бір палаталы Парламентке көшу, Халық кеңесін құру, Вице-президент институтын енгізу, Конституциялық комиссия жасақтау және кең ауқымды конституциялық реформаны референдум арқылы бекіту – билік институттарын жаңаша құрылымдауға бағытталған маңызды қадамдар.

Қорытындылай келе, Мемлекет басшысының V Ұлттық құрылтайдағы баяндамасы ел дамуының нақты міндеттермен және тұтас идеологиялық бағдармен ұштасқан, қоғамның жаңа кезеңін айқындайтын аса маңызды саяси-бағдарламалық құжат деп түйіндеймін.

Сәдібек ТҮГЕЛ,
жазушы, публицист,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕП АТАУ ӨТЕ ОРЫНДЫ

– Мемлекеттің даму жолында әрдайым өзгеріс, сілкініс болуы керек. Ал Қызылорда қаласында өткен биылғы Ұлттық құрылтайда сондай айшықты жаңалықтар көп болып жатыр. Өзім бір кездері Парламентте жұмыс істеген адам ретінде айтар болсам, Мемлекет басшысының бір палаталы Парламент құру ұсынысын қолдаймын. Соның ішінде Парламентті Құрылтай деп атау өте орынды. Ежелгі түркі заманында Құрылтай ақсүйектердің ресми кеңесі, кейінгі Қазақ хандығында аса маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуге шақырылатын жиналыс болды. Енді осы Құрылтай еліміздің өсіп-өркендеуіне себеп болатынына мен кәміл сенемін.

Ал бір палаталы Парламентте қоғам белсенділері тарапынан басында 150 депутаттың болуы ұсынылған еді, Президент 145 депутатқа тоқталған екен. Мен мұны ықшамды әрі тиімді сан деп есептеймін. Бұдан былай депутаттарды сайлау кезінде Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы болмайды. Енді үміткерлер арасында зор бәсекелестік болады деп ойлаймын. Үкіметтен бастап, мемлекеттік ұйымдар Құрылтайға қарап көш түзейді деп сенемін. Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің дипломатиялық әдістерімен халықты осыған әкеле жатыр.

Одан кейінгі жақсы жаңалық – Қасым-Жомарт Тоқаевтың вице-президент институтын құру туралы ұсынысы. Бұл өркениетті елдердің тәжірибесінде бар. Президенттің жұмысын арнайы түрде атқаратын осынау институттың құрылуы да прогрессивті бастама деп есептеймін.

№9 (4907) 24/01/2026 Сенбі



ЭКОПАРКТЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОСПАРЛАНДЫ

Астана қаласы мен қала маңындағы аймақтарда экопарктерді ұйымдастыру мәселесі бойынша жиналыс өтті. 2035 жылға дейінгі Астананың Бас жоспарына сәйкес, қала аумағының жартысынан астамын, яғни 79,7 мың гектардың 42 мыңын жасыл желекпен көмкеру жоспарланған.

Соңғы жылдары қалада жасыл желектерді отырғызу белсенді жүргізіліп, саябақтар кластері қалыптасуда. Жиналысқа Астана әкімі Жеңіс Қасымбек, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, мемлекеттік органдардың өкілдері және т.б. қатысты.

Мемлекет басшысының ірі қалалардың маңайындағы аудандарда экопарктер құру туралы тапсырмасына сәйкес, Астананың Бас жоспарына бірнеше ұсыныс әзірленді. Ұсыныстар бойынша үш типтегі экопарктер қарастырылған:

1. Күнделікті рекреациялық парктер – қала шегінде орналасқан тартымды орындар. Оларға жету уақыты – 30 минутқа дейін, жыл бойы қолдану мүмкіндігі бар;

2. Демалыс күндеріне арналған парктер – қаланың шекарасында, қала маңында орналасқан. Оларға жету уақыты 30-60 минут, отбасылық демалыс аймақтары, визит-орталықтар, тұрғын үйлерді жалға беру қызметтері бар;

3. Ақмола облысының аумағында орналасқан аймақтар. Оларға жету уақыты 60-90 минут, экотуризмді дамытуға арналған.

«Қала шекарасындағы күнделікті рекреациялық экопарктер – ең алдымен «Астана Жасыл белдеуінің» аумағы. Жасыл белдеу жобасы аясында қалыптасқан орман массивтері экологиялық тұрақтылыққа ие және табиғатты қорғау қызметін атқарып келеді. Бұл аумақтарды орман экопаркі ретінде экотроптар, серуендеу маршруттарын, веложолдар ұйымдастыру үшін пайдалану тиімді. Сондай-ақ қалада кіші Талдыкөлде экопарк құру жоспарланып отыр. Жобаның мақсаты – табиғи ландшафты сақтау және қалалық рекреацияны дамыту. Іске асыру жұмысы басталған: №5 учаске бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезеңі аяқталуға жақын, кейін №7 учаскеде жұмыс ұйымдастырылады» деді «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ ЖШС бас директоры Руслан Жақыпов.

Екінші тип – демалыс күндеріне арналған парктерге қатысты. Қаланың бір бөлігінде, Целиноград ауданында, Майбалық көлі мен контрреттегіш арасындағы учаскеде экопарк құру ұсынылды.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек қаланың белсенді дамып жатқанын, тұрғындар саны өсіп келе жатқанын айтып өтті.

«Қаланың тұрғындары мен қонақтары үшін қолжетімді, экологиялық таза демалыс аймақтарын құру – маңызды міндет. Жыл сайын қалада шамамен 170 аула мен қоғамдық кеңістікті (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырамыз. Қалаға жасыл желектер отырғызуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Жыл сайын 1 миллионға жуық жасыл көшет отырғызылады. Ақмола облысымен бірлесіп, қаладан тыс экопарктер құру және кеңейту бойынша жұмыс жүргіземіз» деді елорда басшысы.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов аймақ туризмнің барлық түрін дамыту үшін перспективалы екенін атап өтті. «Бурабай», «Көкшетау», «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің және Қорғалжын мемлекеттік қорығының болуы демалыс пен бос уақытты пайдалы өткізуге, әсіресе ішкі туристер үшін үлкен мүмкіндік береді. Елдің негізгі курорты «Бурабайға» жыл сайын 1,5 млн адам келеді, оның 60%-ы – астаналықтар» деді ол.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астананың айналасында экопарктер құру және «Бурабай» курортын рекреациялық түрде азайту үшін Астана маңында нақты альтернативті аумақтар анықталды. Олар Аққөл, Аршалы, Целиноград аудандары мен Қосшы қаласында орналасқан. Қала маңындағы табиғи ресурстардың әртүрлілігі – экологиялық, спорттық және агротуризмді жыл бойы дамыту потенциалын ұсынады» деді Марат Ахметжанов.

НАМЫС ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

№81 Astana English school халықаралық мектебінде «Нағыз ер-азамат болу – намыс пен жауапкершілік» тақырыбындағы әкелер слеті өтті. Іс-шараға қала әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылған іс-шара ашық пікірталасқа ұласты. 8-10-сыныптың оқушылары, ата-аналар, қоғам және құқық қорғау органдарының өкілдері бас қосты. Кездесудің басты мақсаты – жасөспірімдерге ер-азаматқа тән жауапкершілік, тәртіп, намыс, отбасы құндылықтары мен заңға адалдықты түсіндіру.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көлік полиция департаменті ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының бастығы, полиция полковнигі Теміржан Рамазанов «Заңға адалдық – ер-азаматтың басты жауапкершілігі» тақырыбында сөз сөйлеп, құқық бұзушылықтың алдын алу, заң мен тәртіптің азаматтық намыстағы орны және жасөспірімдердің қылмысқа бармауы үшін жеке жауапкершіліктің маңызын атап өтті.

– «Нағыз ер-азамат болу – намыс пен жауапкершілік» әкелер слеті – өте маңызды шаралардың бірі. Спикерлер жасөспірімдерге жауапкершілік, тәртіп, намыс, отбасы құндылықтары мен заңға адалдықты түсіндірді. Осындай іс-шаралар барлық мектепте жиі өтіп тұруы керек. Себебі бұл жасөспірімдерге дұрыс бағыт-бағдар беруде маңызды рөл атқарады, оқушылардың белсенділігін күшейтеді. Сол арқылы мектеп оқушыларының әкеге деген сенімі нығайып, отбасына деген жауапкершіліктері арта түседі, – деді мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Әмірхан Нақыпов.

Іс-шара соңында модератор мектеп әкелері мен оқушыларды еркін пікір алмасуға шақырды. Әке мен бала арасындағы тығыз байланыс бірлікті арттырып, жауапкершілікті сезіндіреді.



ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІ ҚАЛАЙ АРТАДЫ?

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елордадағы коммуналдық және білім беру нысандарында екі көшпелі кеңес өткізді. Соның қорытындысында мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті.



Аталмыш тұрақты комиссия төрағасы Кендебай Адамбектің төрағалығымен өткен отырыс барысында ведомстволық бағыныста заңды тұлғалардың қызмет тиімділігін арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ иесіз инженерлік желілер мен нысандарды қоса алғанда, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері қаралды.

Салалық басқармалардың басшылары өз бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар, ағымдағы жағдай және өзекті мәселелер туралы есеп берді. Мемлекеттік активтер мен сатып алуларды басқару, экономика және бюджеттік жоспарлау, құрылыс, энергетика, коммуналдық шаруашылық, көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану мәселелері бойынша есептер тыңдалды.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану, жобаларды іске асыру мерзімдерінің сақталуы және иесіз инженерлік желілерді есепке алу мен оларды шаруашылық айналымға жүйелі түрде тарту қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар жекешелендіруге жататын кәсіпорындар мен мүліктік кешендердің тізбесі қаралды. Оған қонақ үй бизнесі, мамандандырылған қызмет көрсету, спорттық-сауықтыру инфрақұрылымы, автотұрақ шаруашылығы салаларындағы нысандар, сондай-ақ өндіріс, энергетика, жылумен жабдықтау және электр желілері кешенінде қызмет атқаратын кәсіпорындар енгізілді.

Отырыс қорытындысы бойынша басым міндеттер айқындалып, қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды күшейту туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

ТУРИСТІК ҚАЛА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстанда жыл бойы жұмыс істейтін халықаралық деңгейдегі Solana City туристік қала іске қосылады. Бұл туризмді, мәдениетті, концерттер мен халықаралық іс-шараларды біріктіретін Орталық Азиядағы флагмандық туристік орталық болуды мақсат етеді. Жоба толық іске қосылғаннан кейін 700-ге дейін жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр. Сол арқылы Қазақстанның туристік әлеуетін арттыруға үлес қоспақ.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– Елу мыңдай қонақ жинауды мақсат тұтып отырмыз. Оның ішінде көршілес мемлекеттер – Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және алыс шетелдіктер болады. Бұған қызығушылық білдіріп отырғандар – Үндістан, Қытай елдерінің азаматтары. Былтырғы өткен ауқымды концерттік шаралардың нәтижесі бойынша қарайтын болсақ, отыз пайызға дейінгі қонақтардың арасында шетелдіктердің болуы қуантады, – деді Kazakh Tourism ҰК АҚ басқарма төрағасының орынбасары Даниел Сержанұлы.

Астанадағы концерттік алаң 100 000 көрерменге дейін қабылдай алады.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КӨРМЕ МЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астанада «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде «Есірткісіз әлем» атты қоғамдық-ағартушылық көрме және ашық диалог алаңы өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шара Астана қаласы Полиция департаменті мен С.Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ-дың бірлесіп ұйымдастыруымен жүзеге асырылды. Шара барысында полиция қызметкерлері мен есірткі қылмысының алдын алу жөніндегі кеңес мүшелері студенттерге есірткі заттарының заңсыз айналымы мен қолданылуының қауіпті салдары, заң алдындағы жауапкершілік, сондай-ақ есірткіге қарсы саналы ұстаным қалыптастырудың маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ал көрме экспозициясында есірткіге тәуелділікке қарсы күрестің әлеуметтік және гуманистік қырларын бейнелейтін фотосуреттер мен көрнекі материалдар ұсынылды. Экспозиция тыйым салынған заттарды қолданудың зардаптарын айқын көрсетіп, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталып, студенттерге «Есірткі қылмыстарының алдын алу және есірткіге қарсы ұстанымды қалыптастыру» тақырыбында дәріс оқылды. Дәрісті Астана қаласы Полиция департаментінің профилактика және ведомствоаралық үйлестіру бөлімінің бастығы, Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хатшысы, полиция подполковнигі Әлия Қибатқызы жүргізді.



«Есірткі қылмысының алдын алу тек құқық қорғау шараларымен шектелмеуі тиіс. Ең бастысы – жастардың санасына әсер ету, олардың өмірлік құндылықтарын дұрыс қалыптастыру. Осындай ашық форматтағы кездесулер студенттердің ойына ой салып, салауатты әрі саналы таңдау жасауына ықпал етеді» деді полиция подполковнигі.

Бұдан бөлек, іс-шара барысында «Ашық микрофон» интерактивті алаңы жұмыс істеді. Қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарын қойып, негізгі тақырып – «Салауатты әрі саналы ұлт идеологиясын қалай қалыптастыруға болады?» деген мәселе төңірегінде ой бөлісті.

ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Астана қаласының әкімдігі биыл да экономикалық өсім, заманауи көлік және қолжетімді әлеуметтік инфрақұрылым мәселелеріне ерекше мән беруді жоспарлап отыр. Бұл ретте қала өмірін тұрғындарға ыңғайлы әрі жайлы етуге бағытталған ауқымды жобалар іске асырылуда. Осыған орай біз жақында қаланың келбетін және астаналықтардың күнделікті өмірін өзгертетін негізгі нысандар мен оқиғалар топтамасын жинастырдық.



АЗ КЕПТЕЛІС – КӨП ҚОЗҒАЛЫС

Осы жылы коммуналдық және жеке автопарктерге 485 жаңа автобус жеткізіледі, оның шамамен 10%-ы – электр автобустар. Қозғалыстағы жалпы көліктің саны 2100 бірлікке жетеді. Негізгі назар ыңғайлылыққа, экологиялық тазалыққа және жеке көлікті қолдануды азайтуға аударылған.

Екінші маңызды оқиға – жеңіл рельсті көліктің (LRT) іске қосылуы, ол қазір соңғы дайындық кезеңінде тұр. Жеңіл рельсті көлік желісі қазір сынақ режимінде жұмыс істеп жатыр, станциялардың ішкі жабындысы аяқталуға жақын. Екі ай ішінде дайындық толық аяқталып, LRT-нің іске қосылуы Нұра ауданына көп қолдау болмақ. Жобаның екінші кезеңі желіні Қосшыға дейін ұзартуды көздейді – бұл бағытта күн сайын қалаға ондаған мың адам кіріп-шығады.

Астана жолдары жаңа Bus Lane жолақтарымен және «ақылды» жол шамдарымен толығады. Қазіргі кезде автобустарға арналған жолақтар 140 км-ге жетіп отыр, 2026 жылы тағы 30 км қосылады. Сонымен қатар интеллектуалды көлік жүйесі дамуда: жол шамдарының 40%-ы қазір автоматты режимде жұмыс істеп тұр, жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 82%-ға жеткізу жоспарланып отыр.

Жаңа жолдар мен көпірлер биылға да жоспарланған. А62, Қ.Мұхамедханов, Д.Қонаев көшелері және сегіз жолақты Ш.Айтматов көшесіндегі қозғалыстың ашылуы Тұран даңғылындағы көлік инфрақұрылымына жүктемені 12%-ға азайтты. Енді 2026 жылдың басты басымдығы Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесінің қиылысындағы көпір құрылысының аяқталуы болады. Қосшыға дейін жаңа магистралдар салу, Тәуелсіздік даңғылын ұзарту және Нұра мен Есіл аудандарында кептелісті болдырмауға көмектесетін тағы екі қосымша көпірдің құрылысын бастау биылғы жоспарда қарастырылған.

Халық саны мен автокөліктер санының көбеюі жүйелі шешімдерді қажет ететіні белгілі. Бұл ретте негізгі назар қоғамдық көлікке, көпдеңгейлі жолдарға және транзиттік магистралдарға аударылған. Сарапшылардың бағалауынша, бұл жобаларды жүзеге асыру көшелердегі жүктемені кемінде екі есеге азайтуға мүмкіндік береді.

SMART CITY: ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАСҚАРУЫНДАҒЫ ҚАЛА

Осы жылы Астанада ЖИ негізіндегі жобаларды енгізу жоспарланып отыр. Presight AI компаниясымен бірлесіп Smart City жобасы жүзеге асырылуда.



Қазір 20 мың видеоаналитикалық камера орнатылған, бүгінгі таңда олардың көмегімен әрбір екінші қылмыс ашылады.

Интеллектуалды көлік жүйесі қаланы басқарудың біртұтас цифрлық платформасына біріктірілген, бұл қандай да бір оқиғаларға тезірек әрекет етуге және қозғалысты оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Жақында Астана әлемдік үздік стандарттарға сәйкес толыққанды көлік басқару жүйесіне қол жеткізуді жоспарлап отыр.

БІЛІМ БЕРУ: МЕКТЕПТЕР, САРАЙЛАР ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ

2026 жылы 16 мың оқушыға арналған 12 жаңа мектеп салынады. Жекеменшік пен мемлекеттік серіктестік механизмі арқылы әсіресе жылдам дамып жатқан аудандарда балабақшалар ашылады.

Қосымша білім беруге ерекше назар аударылған. Қ.Мұхамедханов көшесінде 750 орынға арналған «Tanym» оқушылар сарайы іске қосылуға дайын. Келесі жылы «Tanym art» және «Tanym sport» ашылады. Жақын арада қалада барлығы 15 Оқушылар сарайын салу жоспарланып отыр, оның ішінде арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арналған нысандар да бар.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: ҚАЛА ДАМУЫ ҚАРҚЫНДЫ

Медицина инфрақұрылымының тапшылығы – Астана үшін өзекті мәселе. Есіл және Нұра аудандарында 2 емхананың, ал Алматы ауданында перинаталдық орталықтың, жаңа көпсалалы қалалық аурухана және балалар травматология бөлімшесінің құрылысы басталады. Қалалық №2 ауруханаының қабылдау-диагностика кешенінің құрылысы аяқталуға жақындап келеді, ал Сарыарқа ауданында перинаталдық орталық жобасын жүзеге асыру жалғасуда.

СПОРТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР

Орталық саябақта инклюзивті спорт орталығы және шаңғы базасы пайда болады. «Қазақстан» спорт сарайы мен еліміздің ең көне спорт нысандарының бірі – Қ.Мұңайтпасов атындағы стадионның реконструкциясы аяқталуда. Сонымен қатар 2026 жылы Ақордаға қарама-қарсы жағалаудағы қабылдау үйі; Бейбітшілік және келісім саябағы жанындағы жаңа конгресс-холл; жаңарған «Қазақстан» спорт кешені; жаңа вокзал ауданындағы Мыңжылдық аллеясы; әл-Фараби даңғылы мен Керей-Жәнібек хандар көшелерінің қиылысындағы «Даму» саябағы; Ақбұлақ арқылы жаяу жүргіншілер көпірі – Ататүрік саябағынан жалғасатын жағалау жолы пайдалануға беріледі.

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫЛЫҚ

Green Line жобасы – сол жағалаудағы тұрғындар ең көп күткен жобаның бірі. «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығынан Ш.Айтматов көшесіне дейінгі бульвар 2026 жылы аяқталады. Талдықөл маңындағы экопарктағы жұмыстар жалғасуда. Айта кету керек, мұнда көлдердің негізгі учаскелері сақталған, ал Үлкен Талдықөлдегі су көлемі 2,5-3 есе артқан.

Қалада жеке секторды газдандыру жалғасуда: тұрғын үйлердің 95%-ы газға қосылған, ал осы жылы жобаны толығымен 100% аяқтау жоспарланып отыр.

Биыл Астана үшін тек құрылыс жылы емес, сонымен бірге қала өмірінің өз ырғағын ескере отырып, үздік тәжірибелерді бейімдейтін, технологиялық және жайлы қалаға өту кезеңі болады.

Юлия ТЕН



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЗАҢ АЯСЫНДАҒЫ ДЕМЕУ

Астана қаласы Байқоңыр аудандық прокуратурасы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында құқықтық мәдениетті нығайтуға, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға және қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларды қолдауға бағытталған профилактикалық акция өткізді.



Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Іс-шара «Демеу» қайта әлеуметтендіру орталығында ұйымдастырылып, баспанасыз және бас бостандығынан босатылған азаматтарға кешенді құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетуге арналды. Акцияға 8 мемлекеттік орган, сондай-ақ 5 жұмыс беруші қатысып, жалпы саны 100-ге жуық азамат қамтылды.

Профилактикалық іс-шара барысында қатысушыларға жеке құжаттарды қалпына келтіру, медициналық көмек алу, мүгедектік рәсімдеу, жұмысқа орналасу және әлеуметтік қолдау тетіктері бойынша кеңес беріліп, нақты құқықтық көмек көрсетілді. Нәтижесінде жыл басынан бері 11 азамат жеке басын куәландыратын құжаттармен қамтамасыз етілсе, 10 адам емдеу мекемелеріне жолданды. Сонымен қатар 11 азаматқа мүгедектік рәсімдеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, 10 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Байқоңыр аудандық прокуратурасының бөлім прокуроры Қазбекби Берғалиұлының айтуынша, мұндай іс-шаралар әлеуметтік осал топтағы азаматтарды қоғамға бейімдеуге, олардың құқығын қорғауға және заң аясында өмір сүруіне жағдай жасауға бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады. Аталған бастама мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтып, құқық үстемдігін қамтамасыз етуге және әлеуметтік әділеттілікті арттыруға ықпал етпек.

ЕСІРТКІСІЗ ЕЛОРДА

Жастарға арналған «Астана – есірткісіз қала» форумын Астана қаласы Полиция департаменті мен Astana IT University бірлесіп ұйымдастырды.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Астанада жастар арасында есірткі тұтынудың алдын алуға және салауатты өмірлік бағдар қалыптастыруға бағытталған іс-шараға танымал спортшылар, белгілі блогерлер, медицина мамандары, қоғам қайраткерлері және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты. Ашық диалог форматында олар студенттермен саналы таңдау, жеке жауапкершілік мәселелерін талқылады.

– Кездесудің форматы белсенді әрі нәтижелі болуы үшін медиатұлғаларды шақырдық. Негізгі бағыттардың бірі – жастарды белсенді әлеуметтік қызметке тарту. Қазірдің өзінде жастар полиция қызметкерлерімен бірлесіп, есірткі жарнамасы жазылған граффитилерді анықтау және бояп өшіру бойынша рейдтерге, сондай-ақ зиянды әдеттерге балама болатын спорттық, шығармашылық және бұқаралық іс-шараларға қатысып жатыр. Сонымен қатар интернет кеңістігіндегі профилактикаға ерекше мән береміз. Осыған байланысты есірткіден бас тартуға шақыратын әлеуметтік бейнероликтер мен үндеулер дайындалуда. Бұл жастарға маңызды ойларды олардың тілімен жеткізуге мүмкіндік береді. Елордадағы профилактикалық жұмыс жалғасады және тұрақты түрде өтіп тұрады, – деді Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Дамир Байбазаров.

Форум барысында тақырыптық бейнероликтер көрсетіліп, Астана қаласы Полиция департаменті жанындағы есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі кеңестің жұмысына ерекше назар аударылды.

Астана қаласының мәслихаты депутат, Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрағасы Кендебай Сарыбайұлы Адамбекке аяулы анасы

Райхан ӘБДІРБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Отбасыңыздың берекесі, әулетіңіздің тірегі болған асыл анаңыздың жарқын бейнесі туыстары мен жақындарының және оны білген адамдардың жүрегінде әрдайым сақталады.

№9 (4907) 24/01/2026 Сенбі



ТУРИЗМ ЕЛДІ ТҮЛЕТЕДІ

«Туризм – экономиканы, мәдениетті, қауіпсіздікті, бизнесті біріктіретін күрделі сала. Мұнда өз жұмысын жақсы білетін білікті мамандар жұмыс істеуі қажет, ең бастысы олар Қазақстанның патриоттары болуы керек. Өткен жылы Қазақстанға миллиондаған шетелдік азаматтар келді, ішкі туризм де белсенді дамып келеді. Мұның бәрі қуантатын жағдай» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда «Turkistan» газетіне берген сұхбатында.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Елімізде туризм саласы экономиканың басым бағытының біріне айналып келеді. Шүкір етері де осы. Ішкі және сыртқы туризмге қызығушылық артып, жаңа туристік бағыттар ашылып, инфрақұрылым дамып жатыр. Алайда саланың қарқынды дамуына кедергі келтіріп отырған негізгі мәселелердің бірі кадр тапшылығы екенін жасыруға болмайды.

Туризм бизнесі – тек табиғи көрікті жерлермен немесе қонақүйлермен шектелмейтін, адам факторына тікелей тәуелді сала. Қызмет көрсету сапасы, туристермен жұмыс, гидтер мен менеджерлердің кәсібилігі елдің имиджіне тікелей әсер етеді. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда туризм саласында білікті мамандар жетіспейді. Мұны мамандар да мойындайды.

– Елімізде туризм саласын бәсекеге қабілетті және халықаралық деңгейде дамытудың маңызды элементі ретінде кадр даярлау жүйесін еңбек нарығының нақты сұранысына сәйкес қайта құру мәселесі үнемі назарда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы мен даму стратегиясында туризм саласындағы білікті кадрлар даярлау аса маңызды бағыттардың бірі ретінде көрсетілді. Президенттің айтқанындай, туризм саласында кәсіби мамандар тапшы және бұл мәселені шешу үшін бірқатар жүйелі іс-шара қолға алынуда. Атап айтқанда, Түркістан қаласында Халықаралық туризм және мейрамдостық университеті ашылып, туризм мен қонақжайлылық саласы бойынша терең әрі практикалық білім берілуде. Алғашқы түлектер еңбек нарығына жол тартты десек те болады. Бұл мемлекеттің кадр тапшылығын түбегейлі шешуге бағытталған нақты қадамы екенін айтуымыз керек, – деді Халықаралық туризм және меймандостық университетінің әлеуметтік даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-ректоры Бекежан Мырзаев.

Халықаралық туризм және меймандостық университеті туризм мамандықтарына арналған оқу бағдарламаларын жаңартуды жоспарлаған. Оқу бағдарламаларын жаңарту немесе қайта қарау үдерісі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жүргізіліп келеді. Аталған үдеріс жергілікті атқарушы органдармен, оның ішінде әкімдікпен, сондай-ақ туризм саласындағы жұмыс берушілермен тығыз әріптестік негізінде іске асырыла бастаған.

– Еңбек нарығының нақты сұранысын ескеру мақсатында салалық ұйымдармен және компаниялармен тұрақты түрде өзара іс-қимыл жүргізіледі. Жұмыс берушілер тарапынан туризм саласында бүгінде сұранысқа ие құзыреттер мен оқу пәндері бойынша нақты ұсыныстар енгізілді, – деді Бекежан Мырзаев.

Жалпы алғанда, бірлескен жұмыс оқу бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына барынша сәйкестендіруге және туризм саласына бәсекеге қабілетті, тәжірибеге бағытталған мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында мемлекет кәсіпкерлікті, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған кең ауқымды қолдау шараларын іске асыра бастады. Құптарлық жағдай. Қолдаудың негізгі құралдарының қатарына қаржы тетіктері, субсидиялар, гранттар, жеңілдетілген кредиттеу, консультациялық және сервистік қолдау, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларды оқыту және дамыту бағдарламалары кіреді.

– 2025 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің және «Бәйтерек» холдингінің қолдауымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры жеңілдетілген несиелеудің «Өрлеу» деп аталатын бағдарламасын іске қосты. Бұл құрал шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған. «Өрлеу» бағдарламасы инвестиция мақсатына жеңілдікті қарыздар беруді, айналым қаражатын толықтыруды және 2025 жылғы 1 қаңтардан ерте емес берілген қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыруды көздейді. Негізгі шарттар: қарыздың ең жоғары сомасы – инвестицияларға 7 млрд теңгеге дейін, айналым қаражатына 3,5 млрд теңгеге дейін; сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 12,6% аспайды; қаржыландыру мерзімі: инвестиция мақсатына 10 жылға дейін, айналым қаражатын толықтыруға 3 жылдан аспайды, кредиттерді қайта қаржыландыруға қаржыландырылатын берешектің қалған мерзімінен аспайды. «Өрлеу» бағдарламасы экономиканың басым секторларында, оның ішінде туризм саласында (қонақүйлер, кемпингтер және басқа да қызметтер көрсету) жеңілдетілген кредиттер беру арқылы кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған, – деді «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ бас сарапшысы Майя Нағұманова.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – қолжетімді микрокредиттеу арқылы жергілікті бастамаларды қолдау, жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыру және ауылдық аумақтарда тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы өзінің тиімділігін көрсетті, оның арқасында мыңдаған ауыл тұрғындары өз ісін ашты. «Ауыл аманаты» бағдарламасы – ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуға және ауыл тұрғындарының табыс деңгейін арттыруға бағытталған мемлекеттік бастама. Осы бағдарлама аясында көптеген іс жүзеге асты. Сайып келгенде, туризм саласына жыл санап көңіл бөлініп келеді. Мұны жоққа шығаруға болмайды, – дейді «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ бас сарапшысы.

Туризм саласында кадр тапшылығын жою, жұмыспен қамтуды қолға алған бастамалар бар. Мамандар алдағы уақытта жұмыспен қамтуды да қолға алмақ.

БАЙЛАНЫСТЫҢ БІЛГІРІ

Астана электрмен жабдықтау дистанциясының электр-механигі Жансерік Балмаханов – 18 жылдық тәжірибесі бар теміржолшы. Қазалыда вагон жөндеуші болып еңбек еткен әкесі Өмірзақтың жолын қуып, Ақтөбеде теміржолдың байланыс саласында жоғары білім алды. Еңбек жолын елордада бастады. Жылдар өте осы саланың білгіріне айналған маманның негізгі міндеті – пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Нақтырақ айтқанда, ол СОБ, яғни сигнал беру, орталықтандыру және блокировкалау құрылғыларының, бағдаршамдар мен бағыттама бұрмаларының үздіксіз жұмысына жауапты.

Райхан РАХМЕТОВА



Бүгінде қырықтың қырқасына жеткен теміржолшы өз мамандығы бойынша жұмысқа бірден кіріспеді. 2008 жылы алдымен Астана вагон пайдалану депосында вагон қараушы болып жұмыс істеді. Бір жылдан соң әскерге шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеді. Қайтып келіп Астана белгі беру және байланыс дистанциясының ЭЦ-1 постына өз мамандығымен жұмысқа тұрды.

– Жұмысымызда жылдамдық өте маңызды, байланыс құралдары мен аспаптарынан табылған ақауларды жылдам анықтап, қалыпты жұмысқа келтіреміз. Күнде таңертең 8:30-да тұрақты түрде еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы нұсқаулығымен танысып, одан әрі технологиялық процесс кестесі бойынша жұмысқа кірісеміз. Күнделікті жұмысты жоспарлау жиналысында күні бойы атқарылатын жұмыстар реті талқыланып, әр қызметкерге нақты тапсырмалар жүктеледі. Сонымен қатар еңбек қауіпсіздігі мен жұмыс тәртібіне қатысты маңызды мәселелер еске салынады. Жоспарлау жиналысынан кейін аға механиктен мақсатты нұсқама аламыз. Нұсқама барысында орындалатын жұмыстардың ерекшеліктері, ықтимал қауіп-қатер және техника қауіпсіздігін сақтау талаптары жан-жақты түсіндіріледі, әр қызметкердің жауапкершілігі нақты айқындалады. Одан кейін өзімізге бекітілген аймаққа барып, жоспарланған жұмыстарды орындаймыз. Жұмыс барысында СОБ құрылғыларының техникалық жағдайы тексеріліп, ақаулар анықталған жағдайда, дер кезінде жойылады. Сонымен қатар алдын алу және жоспарлы жұмыстар жүргізіледі. Барлық жұмыс бекітілген нұсқаулықтар мен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтай отырып атқарылады, – дейді кейіпкеріміз жұмысы жайлы түсіндіріп.

Мұның бәрі теміржол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аса маңызды. Сондықтан әрбір тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, өз міндетін сапалы әрі уақытылы орындауға тырысады. Теміржол бойындағы пойыздар тоқтайтын бағдаршамдар, бағыттама бұрмаларының үздіксіз жұмысын тексеріп, қозғалыстың қауіпсіз болуына атсалысады.

– Біздің жұмысымыз көбіне желі бойында атқарылады, Астана станциясы бойынша өзімізге бөлінген аумақтағы теміржолдың байланыс құрылғыларын тексеріп, ауа райының қолайсыздығына қарамай, сыртта жүреміз. Мәселен, дүйсенбі жұмысымыз бағыттама бұрмаларын тексеруге арналады, яғни бұрандалары босап кетпеді ме, айналасы қармен бітеліп қалмады ма, соны қараймыз, қолымызға өзімізбен бірге кілттеріміз бен балғаларымызды, ломдарымызды алып жүреміз. Басқа да бізге тиесілі құрылғылар мен жабдықтардың жұмысын тексереміз. Айына бір рет комиссиялық тексеру болады, сол кезде бағдаршамдардың алыстан қалай көрінетіні қаралады, оның дұрыс көрінуінің өз нормалары бар. Талапқа сай болмаса, көрінетіндей етіп баптауын реттеп қоямыз, сонымен қатар перегонда айына бір рет рельс байланыстырушы бөліктер де қаралады, – дейді электрмеханик.

Осындай адал еңбегі үшін ол 2021 жылы «Үздік маман» төсбелгісімен марапатталды. Ал былтыр дистанция қарайтын Ақмола магистралдық желі бөлімшесі басшылығы атынан алғыс хатқа ие болды. Төрт баланың әкесі Жансерік Балмаханов бар болмысымен өз мамандығын дұрыс таңдап, сол жолда абыройлы еңбек етіп келе жатқанын мақтан етеді.

ИМИТАЦИЯЛЫҚ СОТ ӨТТІ

Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназияда оқушылардың қатысуымен оқу-имитациялық сот отырысы ұйымдастырылды. Іс-шара Өтеген Сейітов атындағы «Болашақ прокурорлар» клубының пилоттық жобасы аясында өтті.

Оқу форматындағы сот отырысының негізгі мақсаты – оқушылардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын қалыптастыру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ сот процесі мен заңдық жауапкершіліктің негіздерімен тәжірибелік тұрғыда таныстыру.

Имитациялық сот отырысы нақты сот тәжірибесіне барынша жақын формatta, оқу инсценировкасы түрінде өтті. Арнайы әзірленген сценарийге сәйкес, білім беру ұйымының аумағына газ тапаншасын алып кіргені үшін айып тағылған оқушыға қатысты шартты қылмыстық іс қаралды.

«Сот процесіндегі қорғаушы, айыпталушы және өзге де қатысушылардың рөлдерін мектеп оқушылары өздері орындады. Бұл формат оқушыларға сот және құқық қорғау органдарының қызметімен тәжірибе жүзінде танысуға, құқықтық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік берді. Мұндай іс-шаралар оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және сот пен құқық қорғау органдарының жұмысын тереңірек түсінуге ықпал етеді» деді Астана қаласы Сарайшық ауданы прокурорының орынбасары Бауыржан Асқаров.

КИНО МЕН ӘННІҢ ТІЛІ ТҮЗЕЛЕ МЕ?

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



Ұлттың танымы, негізгі тірегі һәм төлқұжаты – тіл. Қиыр шеттегілер алыстан араласып, тілдік тектілікке таңба салып, тарихты талан-таражға салатын сарабдал саясатты жоққа шығара алмаймыз және аңғармаймыз. Ұлттық мәдениетке соқтыққан сиқы жоқ сөздерді сіңіруге бейімбіз, өзгенің қаңсығына құмармыз, жұтымнан қалған жуындыны асауға әзірміз. Тіл мәселесі қашан бірізділікке түсіп, қазақ пен қазақ толыққанды ана тілінде сөйлесіп, ата тегін дәріптей алған уақытта ғана бұл мәселенің шешілгеніне шүбә болмайды.

«НОРМАДАН» АУЫТҚЫҒАН ТІЛ

Біз көбіне кеш оянамыз. Көп дүниенің қадірін жоғалта жаздаған кезде ғана қозғала бастаймыз. Ал тіл мәселесі – дәл сол «қолдан шығып бара жатқан» дүние. Қолымызға смартфон ұстатқалы бері сөзіміздің өзі телефондағы қосымша сияқты жүктеледі, өшеді, жаңарады, бұзылады. Қазір қазақтың баласы қазақша сөйлеймін десе, алдымен өзіне күлетін ортаны жеңуі керек. Ал оны жеңе алмай жатқанымыздың басты себебі – кино мен әннің тілі шұбарланып, жасанды да жарымжан күйге түсуі.

Қазір біз көретін фильмдердің көбі – жартылай орысша, жартылай ағылшынша, арасына бірекі қазақша сөз тастап қойған «жайдақ» аудармамен жасалған дүниелер. Ең сорақысы сол, көрерменнің өзі оған үйреніп кетті. Құлаққа сіңді. Әдеби тіл түгілі, қарапайым қазақша сөйлем құру да киноның арқасында мазаққа айналды. «Опшым», «типа», «короче» деп сөйлеген жастарды кінәлай алмаймыз. Өйткені олар күнделікті көретін контент дәл солай сөйлейді. Киноны кім жасайды – сол елдің менталитеті, сол елдің болашағы. Ал біздің болашағымыз қазір сөйлей алмайтын, сөйлем құрауға қиналатын, өз ана тілінде ойланбайтын күйге түсіп барады. Бұл – ұлт үшін ең үлкен қауіптің бірі.

Эстрада тіпті бөлек әңгіме. Бүгін хит болу үшін терең ой, мазмұн, поэзияның қажеті жоқ. Бір қайталанатын шумақ, ағылшынша үш сөз, үстіне автотюн қосып қойсаң болды, миллиондаған қаралым дайын. Осындай арзан дүниелердің қаптауы жастардың музыкалық талғамын ғана емес, тілдік талғамын да жұқартты. Ән тыңдап отырып, қазақ тілінің иісі сезілмейді. Қытайдың кеспесіндей, орыстың салатындай, американдықтың фастфудындай бәрі аралас. Қазақы сөздің көркі, поэзияның шырайы, ұлттық эмоция жоқ. Біз музыкадан да, кинодан да өзімізді жоғалта бастадық.

Біз «Тіл – сақтау керек құндылық» деп жиі айтамыз, бірақ оны ең алдымен сақтайтын салалар кино мен музыка екенін ескермейміз. Тілді мектеп қана емес, дәл осы өнер сақтайды. Өйткені кез келген бала екі сағаттық фильмнен бір жылдық оқулықтан артық сөз үйренеді. Бір хит әннен оның сөздік қоры түгел өзгереді. Ал біз сол екі салада тілді ең соңғы орынға ысырып қойдық. Басында бұл уақытша деп сендік. Қазір тіпті «норма» деп қабылдап жүрміз.

КИНОТЕАТРДАҒЫ ТҮСІНІКСІЗДІК

Қазақстанда дубляж туралы заң бар, субтитр туралы талап бар. Бірақ бәрі қағаз жүзінде. Кинотеатрлар қазақша нұсқаны түнгі 11-ге қояды. Ешкім бармайтынын біледі. Дубляж сапасы да көңіл көншітпейді. Кей сөздер аударылмайды, кей сөздер «тәп-тәтті» орысшаның ізімен құрастырылған. Осыдан кейін көрермен қазақша нұсқаны қайтсін? «Сапасыз» деп ойлайды. Сөйтіп, тілдің өзіне кінә тағады. Бәрі аудармашының, сауатсыз продюсердің, тіпті мемлекеттік бақылаудың салғырттығының кесірінен екенін ешкім ойламайды.

Егер біз осылай жалғастыра берсек, 5-10 жылдан кейін қазақ тілі кино тілі, ән тілі болудан қалады. Одан кейін сөйлеу тілі болудан қалады. Тіл ең әуелі мәдениеттен өледі. Білімнен емес, ғылымнан емес – кино мен музыкадан өледі. Ал біз қазір дәл осы екі салада тілді жаппай құртып жатырмыз.

Тіл сән емес, тренд те емес. Ол – ұлттың өзі. Біз кино мен ән арқылы тілді жоғалтсақ, өзімізді жоғалтамыз. Қазір үн қатпасақ, ертең кеш болады. Енді таңдаудың уақыты келді. Біз шұбарланған, әлсіреген тілді қалдырамыз ба, әлде өзіміздің таза, айбарлы қазақ тілімізді мәдениетімізде көкке қайта көтереміз бе?

«ЖАҢАЛАР ЖАҚПАЙДЫ»

Өнертанушы Ерлан Төлеутай қазақ киносы мен эстрадасының соңғы жылдары ұлттық тіл мен мәдениетке тікелей қауіп төндіріп отырғанын айтады. Оның айтуынша, бұл екі сала бастапқыда бір-бірінен алыс болса да, 1996 жылдан кейін фонограмма қолдана бастағаннан кейін мәдени кеңістікте тығыз байланыс орнатқан.

«Көп режиссер эстрададан, КВН сахнасынан шыққан. Олардың өнері сапасыз, жасанды. Фанерщик эстрадниктер мен сайқымазақ КВН-щиктер телеарналарды, концерт залдарын жаулап, халық талғамын мәңгүрттендіруге бағыт алды. Мемлекет қолдау көрсетіп, эфирде насихатталды, миллиондап гонорар төленді. Сол арқылы олар қысқа мерзімде қалталы жұлдыздарға айналды» дейді Ерлан Төлеутай.

Ол сонымен бірге киноға келген жаңа буын режиссерлердің көбінің интеллектуалдық деңгейі төмен, ұлттық мәдениетті терең білмейтінін айтады.

«Олар коммерциялық табысқа басымдық беріп, тіл мәдениетін ескермейді. Нәтижесінде фильмдердегі тіл шұбарланып, көрерменге теріс әсерін тигізеді. Қоғамда «кино – өмірдің айнасы, өмірде қалай сөйлесеміз, кинода да солай сөйлеу керек» деген түсінік таралып, тілдің сақталуына қауіп төндіріп отыр» дейді өнертанушы.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕ ДЕЙДІ?

Әлемде ұлттық тілдің беделін қорғау мақсатында кино саласындағы шектеулерді заңмен реттеген мемлекеттер бар. Бұл – бөтен тілге тыйым емес, мемлекеттік тілдің қолданылуына қойылған нақты талаптар.

Испания құрамындағы Каталония автономиясында 2010 жылы «Фильмдер туралы заң» қабылданып, барлық шетел фильмінің 50 пайызы каталон тіліне дубляждалған немесе субтитрленген болуы тиіс деген талап қойылды. Кейін сот шешімімен бұл 25 пайызға төмендеді. Бірақ принцип өзгерген жоқ. Ұлттық тілді қорғау – мәдени саясаттың өзегі. Көрсетілім кинотеатрларға бұйрық емес, міндет жүктейді. Прокатқа шығатын фильмдер каталон тілінсіз экранға жете алмайды. Негізгі мақсат – көрерменнің мәдени кеңістігінде каталон тілін үстем ету.

Францияда 1994 жылы қабылданған «Тубон заңы» француз тілінің ресми салаларда абсолют үстемдігін бекітті. Мемлекеттік мекемелер, жарнама, білім беру – бәрінде француз тіліне басымдық міндеттеледі. Киноға тікелей тыйым болмаса да, фильмдердің француз тілінде дубляждалуы кеңінен қолданылады және мемлекет тарапынан қолдау табады. Тіл – Францияда саяси тұрақтылық пен ұлттық тұтастықтың негізі. Бұл, елдердің тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік тілге арнайы талап қойылмаса, нарық өз бетінше оны сақтап қала алмайды. Олар тілдің өліп бара жатқанын көрді де, уақыт созбай, нақты әрекет жасады. Біз ше? Біз әлі де «Нарық өзі реттейді» деп жүрміз.

ҚАЗАҚ КИНОСЫ ҚАЙ ТҰСТА?

Қазақстанда тілге қатысты заң бар. Бірақ оның талаптары тым жұмсақ. «Әркім шығармашылық тілін еркін таңдайды» деген бап мәдени ортада қазақ тілінің орнын күшейтуге емес, керісінше, әлсіреуіне көп себептің бірі болып отыр. Кино саласында мемлекет дубляжға қолдау көрсетеді. Бірақ бұл жеткіліксіз. Қазақ тіліндегі дубляждардың саны аз. Сапасы тең емес. Ал прокаттағы қазақша нұсқалар ең қолайсыз уақыттарға қойылады. Нәтижесінде көрермен таңдауы жоқ. Ол дайын, кең аудиторияға арналған орысша немесе ағылшынша өнімге бет бұрады. Нарық тілді қорғайды деп ойлау – аңғалдық. Нарық пайданың соңында жүреді. Ал қазақ тіліндегі контентте ақша аз. Сондықтан ол қорғаусыз қалды.

Кино мен ән – тілдің ең жылдам таралатын форматы. Тілдің болашағы ең алдымен дәл осы екі саланың бәсекеге қабілетіне байланысты. Егер кино мен музыкада қазақ тілі екінші қатарға ысырылса, онда қоғам да солай болады.

ШЫНАЙЫЛЫҚ ПА, ӘЛДЕ ЖАУАПСЫЗДЫҚ ПА?

Қазақ режиссерлерінің арасында «Кино өмірді қайталайды, ал өмірде бәрі шұбар тілде сөйлейді» деген уәж бар. Бұл уәж ақталу ғана. Кино – өмірді қайталау емес, оны тәрбиелеу, көрсету, бағыт беру құралы. Егер режиссер не актер өзінің кейіпкері арқылы тіл мәдениетін сақтай алмаса, онда ол өнердің емес, нарықтың қызметшісіне айналады.

Әннің де ахуалы жақсы емес. Тыңдар құлаққа түрпідей тиетін сөздерді қайдан тауып ала қояды? Жастардың тыңдағанын қалап, туындыны хит қылу мақсатында тұнықты былғап, ақты алалап, әйтеуір мән-мағынасыз дүңкілдеген дүниені әкеледі. Жаңашылдыққа жаны құмар жастардың болғаны, әрине, қуантады. Дегенмен олар нені сіңіріп, нені сүзгіден өткізіп, жарамсызды тастауды білмейді. Айтылған ойға, көрсеткен бағдарына қарай жүреді. Олар шыбық секілді. Шыбықтың басын қайда бұрсаң, сол жаққа қарай өседі. Жастар – елдің болашағы. Қазір не үйретсең, келешекте соны көрсетеді. Уақытында түзелмесе, кейін кеш болуы әбден мүмкін. Бұдан шығудың жолы бар. Ол – заңды қатайту, кино мен әнге қойылатын талапты жоғарылату, дубляжды сапамен жасау, қазақ тіліндегі контентті ең ыңғайлы уақытқа қою. Бұл – біреудің ермегі емес, мемлекеттік қауіпсіздік деңгейіндегі міндет.

Қазақ тілінің шұбарлануы – тек сөздік қордың азаюы емес, ұлттық сананың, ойлау мәдениетінің қасаңданғаны. Кино мен музыка арқылы тараған бөтен сөздер, жеңілтек юмор қоғамға әсер етіп, ұлттық бірегейлікті әлсіретеді. Осы үрдіс тоқтамаса, келешек ұрпақтың тіл мәдениеті мен ұлттық сана-сезімі зардап шегеді.

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ КҮНІ БОЛСА...

Жақында Мұхтар Әуезов атындағы Ұлттық драма театрының құрылғанына 100 жыл толды. Қазақ руханиятының қара шаңырағына айналған өнер ордасы сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында 1926 жылдың 13 қаңтарында Қошке Кемеңгерұлының «Алтын сақина» драмасымен алғаш шымылдық түрді. Қазақ кәсіби театрының тарихы сол оқиғадан басталады. Сондықтан біле білген адамға биылғы ғасырлық мерейтой – бір ғана мәдениет ошағының мерекесі емес, біртұтас қазақ театрының тойы. Сол себептен 13 қаңтарды Қазақ театры күні деп белгілеген жөн деп есептейміз.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бізде Қазақ киносының күні бар. Бұл 12 қыркүйек күні аталып өтеді. 1941 жылы дәл осы күні қазіргі Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы құрылды. Әрине, бастапқыда Алматы көркем фильмдердің киностудиясы болып аталды. «Қазақфильм» атауын 1960 жылы иеленді. Ал Шәкен Айманов аты 1984 жылы берілді. Белгілі кинотанушы, кезінде Қазақстан кинематографистері одағын басқарған Бауыржан Нөгербек осы оқиғаны негізге алып, 2005 жылы 12 қыркүйекті Қазақ киносының күні деп белгілеуді ұсынды. Содан бастап бұл дата жыл сайын елеп-ескеріледі.

Мұхтар Әуезов театрының, яғни қазақ кәсіби театрының негізін өнер ошағының тұңғыш директоры Дінше Әділов, қазақтың тұңғыш кәсіби режиссері Жұмат Шанин, әртістер Әміре Қашаубаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыров, Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Иса Байзақов, т. б. өнер саңлақтары қалады. Ал театрдың ұйымдастырылуына сол кездегі Халық ағарту комиссары Смағұл Сәдуақасұлы үлкен үлес қосты. Бүгінгі ұлттық театр өнері солар салған сара жолмен алға адымдап келе жатыр.

Қазақ операсының тарихы да осы қара шаңырақтан басталады, қазіргі Абай атындағы Ұлттық опера және балет театры 1934 жылы Мұхтар Әуезов театрынан бөлініп шықты. Сондықтан қалайда 13 қаңтар Қазақ театры күні деп атауға келеді. Әрине, Халықаралық театр күні мерекесі де бар. Бұл 27 наурызда аталып өтеді. Бірақ Қазақ киносының күні 2 ақпанда аталып өтетін Ұлттық баспасөз күні сияқты Қазақ театры күні болғаны да артық етпейді.



Қазақ драма театрының ұжымы. 24.03.1927 ж. Қызылорда қаласы

№9 (4907) 24/01/2026 Сенбі

ҚАДЫР МҰРАСЫ ДӘРІПТЕЛДІ

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы мен Қадыр Мырза Әлі атындағы Binom School мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен жалпы білім беру мекемелерінің 5-10-сынып оқушылары арасында қалалық «Қадыр мұрасы» байқауы өтті.



Байқаудың мақсаты – қазақ руханиятының көрнекті өкілі, сөз зергері Қадыр Мырза Әлінің бай поэзиялық мұрасын дәріптеу, жаңғырту, оның шығармаларындағы терең философиялық мазмұнды, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ санасына сіңіру. Осылайша, елорданың 5-10-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған байқауға 224 оқушы қатысты. Жеңімпаз бен жүлдегерлер «Жас оқырман», «Жас оператор», «Ойлы қалам» және «Қадырдың ән мұрасы» аталымдары бойынша анықталды.

Қадыр Мырза Әлінің өлеңдеріне көптеген ән жазылды. Соның ішінде Нұрғиса Тілендиевтің «Асыл әжем», Шәмші Қалдаяқовтың «Тамды аруы», Теміржан Базарбаевтың «Тамаша», Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әндері ерекше танымал. Ақынның «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңін композитор Әшірхан Телғозиев «Қазақ осы» әніне айналдырды. «Қадырдың ән мұрасы» аталымында оқушылар осындай әндерді шырқады. Бұл аталымда Ә.Ермеков атындағы №38 мектеп-лицей оқушысы Толғанай Өміртаева (жетекшісі – Ардақ Маратқызы) бірінші орынды иеленді.

СУРЕТШІДЕН СУРЕТКЕРГЕ АЙНАЛҒАН ҚАЛАМГЕР

Кеше Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде көрнекті жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әлібек Асқардың 75 жасқа толуына арналған «Әлібек Асқар шығармашылығындағы Алтай бейнесі және адам тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Президент кеңесшісі, академик Бауыржан Омаров оқып берді. Құттықтау хатта жазушының ұлттық әдебиеттің дамуына қосқан сүбелі үлесі, мемлекет ісіне араласудағы жауапкершілігі, отандық медиа саласының қалыптасуына, руханият пен кітапхана ісін дамытуға қосқан еңбегі аталып өтті. Сондай-ақ Өр Алтайдың көркем табиғатын арқау еткен туындылары оқырман тарапынан жоғары бағаланғаны айтылды. Сонымен қатар Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева құттықтау хат жолдады. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек құттықтау хатын жіберіп, қазақы дәстүрмен қаламгерге шапан жабылды.

Алқалы жиынның тізгінін ұстаған филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов сөз басында елдікті ту еткен Әлібек Асқар шығармаларының қазақ әдебиетіндегі орны айрықша екенін атап өтті. Ол жазушының туындыларында ұлт болмысы мен адам тағдыры терең көркемдікпен бейнеленетінін айтып, сафари жанрының орнығуына еселі еңбек сіңірген қаламгер мұрасының бүгінгі және келер ұрпақ үшін тағылымы зор екенін айрықша атап өтті.

Жазушы шығармаларын ғылыми тұрғыда зерделеуге және ұлттық әдебиетті насихаттауға бағытталған конференцияда ақын, жазушы, ғалымдар қаламгер шығармашылығындағы Алтай тақырыбы, адам тағдырының көркемдік шешімі, рухани-эстетикалық ізденістері жөнінде баяндамалар жасады.

«Мұзтау туралы сөз» тақырыбында баяндама жасаған Түркияның Кастамону университетінің профессоры Орхан Сөйлемез Әлібек Асқар шығармаларындағы Мұзтау бейнесіне ерекше тоқталды. Оның айтуынша, Мұзтау – табиғат нысаны ғана емес, ұлттың рухани болмысының символы. «Мұзтауға қарау – өз түп тамырыңа қарау, Мұзтауды сақтау – өз рухыңды сақтау» деді түрік ғалымы.

Конференция соңында секциялық отырыстар өтіп, қаламгер мен оқырмандардың жүздесуі ұйымдастырылды.



ҚЫЛҚАЛАМ ҰШЫНДА – ҚАЛА ЫРҒАҒЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Президенттік орталығында белгілі қылқалам шебері Жеңіс Кәкенұлының «Қала ырғағы» атты жеке көрмесі ашылды.


Жеңіс Кәкенұлы кескіндеме, графика, компьюарт секілді әртүрлі бағытта еңбек етеді. Суретшінің туындыларында жыл мезгілдері, елорданың сол жағалауындағы «Меруертті мекен», «Солтүстік шұғыласы», «Қазақстан темір жолы» кешені, «Астана салтанаты» тұрғын үй кешені, «Транспорт тауэр» ғимаратының силуэті, «Салтанат сарайының» күмбезі, сондай-ақ бірқатар әкімшілік нысан бейнеленген. Оның картиналарында Астана тек реалистік тұрғыда ғана емес, қазақ халқының ұлттық қолданбалы өнеріне тән бояулармен көркемделіп көрсетіледі. Көрмеде автордың барлығы 50 туындысы ұсынылған.

«Бұл көрме қазіргі заманғы қала туралы жай ғана көркем әңгіме емес. Бұл – оның тынысын сезінуге, қозғалысын аңғаруға, адам өмір сүретін кеңістіктің ішкі ырғағын ұғынуға жасалған талпыныс. Суретшінің еңбектерінде қала ғимараттар мен көшелер жиынтығы ретінде емес, мағынаға, эмоцияға және уақытқа толы тірі ағза ретінде көрінеді. Көрме көрерменді зер салып қарауға, сезінуге шақырады: әр қаланың өз мінезі, өз қарқыны, өз жады бар» деді Президенттік орталық директорының орынбасары Ботагөз Қайыпова.

Автордың айтуынша, оның шығармашылығы үйлесімге, тірі поэтикалық бейне мен түстің ғажайып әуезі арқылы берілетін нәзік эмоционалдық күйдің өзара тоғысуына, ұмтылысқа негізделген.

«Ұсынылған сериядағы әрбір картина жеке дара болғанмен, барлығы бірігіп, біртұтас рухани-мазмұндық орта құрайды» дейді Жеңіс Кәкенұлы.

Көрме 23 ақпанға дейін жалғасады.



Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ТАНЫСТЫРДЫ

Астана қаласының Мемлекеттік архивінде «Астана гидтер клубы» мен «AOMI Travel турагенттігі» өкілдерінің қатысуымен мазмұнды әрі тағылымды кездесу кеші өтті.

Бұл іс-шара архивте жатқан елорда тарихын кәсіби гидтер арқылы кеңінен танытуға бағытталған маңызды қадамның бірі болды. Соның аясында Астана қаласының Мемлекеттік архиві мен туризм саласының өкілдері арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аталған меморандум архив пен гид өкілдерінің өзара кәсіби байланысын нығайтып, тарихи деректерді экскурсиялау және танымдық бағыттарда тиімді пайдалануға жол ашады. Кездесу барысында қатысушылар архив қорларында сақталған Ақмола, Целиноград және Астана кезеңдеріне қатысты бірегей тарихи құжаттармен, сирек фотосуреттермен және қала дамуының маңызды кезеңдерін айқындайтын материалдармен танысты. Бұл деректер елорданың тек заманауи келбетін ғана емес, оның ғасырлар қойнауынан бастау алатын бай тарихын да ашып көрсететін еді. Гидтер тарапынан архив деректеріне деген қызығушылықтың жоғары екені ерекше назар аудартты. Себебі түпнұсқа құжаттар мен нақты тарихи мәліметтерге сүйенген экскурсиялар туристер үшін де аса құнды әрі әсерлі бола түсетіні анық.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №9
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ